

Шығыс Қазақстан облысы
«Өскемен қаласы әкімдігінің № 10 мектеп - гимназиясы» КММ

**Дарынды оқушыларға арналған
дидактикалық материалдар**

(Айтылым, жазылым, оқылым, тыңдалым
және тілдік бағдар тапсырмалары)

Ұсынылып отырған авторлық жұмыс өзге тілді мектептердегі бастауыш сынып мұғалімдеріне дарынды оқушылармен жұмыс істеуде көмекші құрал ретінде құрастырылды. Көмекші құрал екі бөлімнен тұрады. Бірінші бөлім айтылым, жазылым, оқылым дағдыларын дамытуға арналған тапсырмалармен қамтылған. Ал екінші бөлім тыңдалым материалдарынан /аудиожазба түрінде/ тұрады.

Қазақ тілі: Бастауыш сыныптарға арналған көмекші құрал. Оқу орыс тілінде жүретін мектептердің бастауыш буын мұғалімдеріне арналған. Құрастырған: Өскемен қаласы әкімдігінің «№10 мектеп – гимназиясы» КММ қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдері Уалиева Ж. С., Шағаланова С. С., Дулатбаева М. Т. – Өскемен: "LeМарка" ЖШС, 2018 - 58б.

Шығыс Қазақстан облысы, Өскемен қаласы әкімдігінің «№10 мектеп – гимназиясы» КММ қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдері Уалиева Жадыра Сайлаубекқызы, Шағаланова Сағыныш Сейтбекқызы, Дулатбаева Меруерт Турсумбековнаның жинақтап, әзірлеген «Дарынды оқушыларға арналған дидактикалық материалдар» атты көмекші құралына.

Пікір

Ұсынылып отырған авторлық жұмыс өзге тілді мектептердегі бастауыш сынып мұғалімдеріне дарынды оқушылармен жұмыс істеуде көмекші құрал ретінде құрастырылған.

Аталған көмекші құрал екі бөлімнен тұрады. Бірінші бөлім айтылым, жазылым, оқылым дағдыларын дамытуға арналған деңгейлеп берілген тапсырмалармен қамтылған. Ал екінші бөлімінде тыңдалым материалдары аудиожазба түрінде берілген.

Дидактикалық материал қазақ тілін тереңдетіп үйрену жолында шығармашылық тапсырмаларды орындауында алғашқы қадам жасауына жәрдемдеседі. Дидактикалық құралда жазылған әрбір сала бойынша практикалық тапсырмалар берілген. Оқушы теориядан алған білімі нәтижесін мәтіндер мен тест түрінде құрастырылған тапсырманы орындау арқылы көре алады. Әр тақырып бойынша тапсырма берілген, бұл оқушының теорияны практикамен ұштастыруына көп көмегін тигізеді.

Авторлардың жазған еңбегі практикалық жағынан маңызы зор деп айтуға болады. Авторлар ұсынып отырған әдістемелеріне мүмкіндігінше ғылыми түрде талдау беруге талпынған.

Қорыта айтқанда, Өскемен қаласы әкімдігінің «№10 мектеп – гимназиясы» КММ қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдері Уалиева Жадыра Сайлаубекқызы, Шағаланова Сағыныш Сейтбекқызы, Дулатбаева Меруерт Турсумбековнаның «Дарынды оқушыларға арналған дидактикалық материалдар» (Айтылым, жазылым, оқылым, тыңдалым және тілдік бағдар тапсырмалары) атты дидактикалық құралы, мектептегі мемлекеттік тілді үйретуші мұғалімдерінің қазақ тілі пәнінен оқушыларға тереңдете білім беруде пайдасы мол көмекші құрал бола алатын еңбек деп бағалаймын.

С. Аманжолов атындағы ШҚМУ

Қазақ, орыс филологиясы және журналистика

кафедрасының доценті,

филология ғылымының кандидаты



А. А. Айтмұқашева

Түсінік хат

Ұсынылып отырған авторлық жұмыс өзге тілді мектептердегі бастауыш сынып мұғалімдеріне дарынды оқушылармен жұмыс істеуде көмекші құрал ретінде құрастырылды.

Аталған көмекші құрал екі бөлімнен тұрады. Бірінші бөлім айтылым, жазылым, оқылым дағдыларын дамытуға арналған деңгейлеп берілген тапсырмалармен қамтылған. Ал екінші бөлім тыңдалым материалдарынан /аудиожазба түрінде/ тұрады.

Дидактикалық материал қазақ тілін тереңдетіп үйрену жолында шығармашылық тапсырмаларды орындауында алғашқы қадам жасауына жәрдемдеседі.

Оқушыларға тек өзінің ана тілін ғана емес, сонымен бірге мемлекеттік тілді де оқу қажет болатынын түсіндіреді. Оқушылардың функционалдық сауаттылықтарын арттырып, сыни тұрғыдан ойлау қабілеттерін дамытады.

Дидактикалық материалдың басты мақсаты:

Оқушының қазақ тіліне деген қызығушылығын тудыру. Олардың санасын ой-өрісін, сөйлеу мәдениетін қалыптастырып дамыту.

Міндеттері:

Жаңартылған білім беру оқу бағдарламасының талаптарына сәйкес деңгейлеп құрастырылған тапсырмалар арқылы көзделген мақсаттарға қол жеткізу. Сабақта әртүрлі белсенді әдістерін қолдану арқылы оқушыны сөйлете білу, олардың сөйлеу тілін дамыту.

Күтілетін нәтиже:

Оқушылардың лингвистикалық ой-өрісін кеңиді, жазбаша және ауызша сауаттылықтары артады.


Оқушылар коммуникативтік қарым-қатынасқа еркін түседі.

№ 1. Ребусты шеш.



№ 2. Сөзжұмбақты тап.

1. Үй құсы
2. Әкенің әкесі
3. Ең үлкен қала
4. Ең мықты ағаш
5. Уақыт өлшемі
6. Тоқсары бақша көкөнісі
7. Адам мүшесі.



№ 3. Мақалдағы суретті сөйлет.



бір біріне қонақ

Өмір үлкен



алтын қазына



№ 6. Мәтінді суреттермен бірге оқы.



жайлаудан құлынды бие мініп келді. Оны ана  -қа байлап


қойды. Биенің қасында ойнақтап жүрген  әдемі - ақ.


Жанына жақындауға қорықтым. Біраздан кейін тәуекел еттім. Құлын менен үркіп, біраз жерге ұзап барып, қарап тұрды.

Қайта келіп,  алдындағы  -ті иіскелей бастады. «Жануар - ай,

шөлдеген екенсің ғой» деп ойладым. Көшедегі  құбырының суын

ағызып қойдым.  жасқана басып суға жақындады. Аузын тосып

еді, су  -на кіріп кетіп, пысқырынып шегінді. Суды азайтып ағыздым. Құлын суға тұмсығын тосып, ұзақ ішті.

Осылайша екеуіміз  кеттік. Жалынан сипасам, сүйсіне қарап тұрады.

№ 7. Сәйкес жалғауларды белгіле.

№	Зат Есім	лар	лер	дар	дер	тар	тер
1	Бала	+					
2	Гүл						
3	Орындық						
4	Сынып						
5	Бөлме						
6	Мектеп						
7	Кітап						

№ 8. Ребусты шеш



С

””Н



№ 9. Мына суреттермен сөздерді сәйкестендіріп адам есімдерін тауып, олармен сөйлем құра

Ақ

Жан



№ 10. Сын есім мен зат есім арқылы сөз тіркестерін құра
Аяулы, бесік, туған



№ 11. Осы заттарды сипаттайтын сын есімдерді жаз



№ 12. Түсіп қалған дауысты дыбыстарды орнына қой

Ж-ң-л, т-н-ш, к-к

Ө, ы, і, е, ы

№ 13. Сын есімдерді тап

а	қ	а	л	а	т	а	з	а	й
л	қ	у	ы	с	а	қ	ы	з	ы
м	ы	л	м	ы	с	ы	қ	у	қ
а	с	ы	қ	л	а	қ	о	л	ы
л	а	н	а	с	р	ы	н	ы	л
ы	ғ	т	р	и	з	а	р	й	а
р	ы	а	а	ш	ы	қ	н	ж	с
ы	з	л	т	у	м	о	л	а	а
с	ж	а	с	ы	л	д	ы	с	у
а	ш	у	л	ы	р	а	н	а	р

№ 14. Мына сұрақтарды пайдаланып, сөзжұмбақты құра

1. Ауырғанда не ішеміз?
2. Жеміс түрі.
3. Білім құралы.
4. Жылататын көкөніс.
5. Алманың сорты.
6. Жыл мезгілі.

№ 15. Қазақша жаз

Подснежник - _____, Радуга - _____
Здоровье - _____, Персик - _____
Открытка - _____, Река - _____

№ 16. Сөздерді екі бағанаға бөліп жаз

Дүкен, отбасы, мектеп, үй, тақта, әпке, қуаныш, бөлме, асхана, пәтер, қарындас, қонақ, сүт, дәптер, атамекен, дәрумен.

Жуан	Жіңішке
_____	_____
_____	_____
_____	_____
_____	_____
_____	_____
_____	_____
_____	_____

№ 17. Сандарды сөзбен жаз

9, 15, 27, 66, 130, 782, 400, 71, 40, 1000

№ 18. Сәйкестендір

Жаңбыр	ериді
Оқушы	піседі
Қар	соғады
Көкөніс	сарғаяды
Жел	оқиды
Жапырақ	жауады


№ 19. Толықтырып жаз

... асық ойнайды Мен сатып ала...
... билейсіз Ол ән айта...
... жүгіресің Сіз сурет сала...
... шаңғы тебемін Сен секіре...
... барады Мен жаза...

№ 20. Жұмбақты шеш

Көтеріліп теңізден
Аспанға биік барамын.
Биіктен қайта түскенде,
Өңі кірер даланың.
(.)

№ 21. Ребустарды шеш



--	--	--	--	--

№ 22. Тест тапсырмаларын орында

1) Қазақ тілінде неше әріп бар?

- а) 32
- ә) 45
- б) 42
- в) 25

2) Білім күні балалар қайда барады?

- а) саяхатқа
- ә) мектепке
- б) дүкенге
- в) өзенге

3) Жылқының сүтінен ... жасалады.

- а) шұбат
- ә) қымыз
- б) айран
- в) ірімшік

4) Үй құстары: ... ,

- а) қарға, аққу,
- ә) бұлбұл, торғай
- б) тауық, қаз
- в) сауысқан, тоқылдақ

5) Сөйлемді жалғастыр. Таңертең мен мектепке

- а) келесің
- ә) тұрамын
- б) оянамын
- в) барамын

№ 23. Сандарды сөзбен жаз

170, 82, 1060, 1892, 2907, 3004

№ 24. Тәуелдік жалғауларын қос

Менің сөмке...
Сенің сөмке...
Сіздің сөмке...
Оның сөмке...

№ 25. Қазақша жаз

Мир - _____	Добрый - _____
Мавзолей - _____	Орел - _____
Помощник - _____	Свобода - _____

№ 26. Берілген сөздерді топтап жаз.

Мен, көше, аз, алаң, өлең, кітап, баға, ол, жаз, кеш, тақта, жаға

Қатаң

Ұяң

Үнді

_____	_____	_____
_____	_____	_____
_____	_____	_____
_____	_____	_____


№ 27. Мақалдарды аяқта.

Отансыз адам – ормансыз ...

... - білім бұлағы

Еңбек түбі - ...


№ 28. Ребусты шеш




№ 29. Берілген сөздерді сұрақтарға сәйкестендіріп жаз

мұғалім, жуықта, қадірлі, тоқтау, ұстаз, кідіру, таяуда, оқытушы, құрметті, аялдау, жақында, тәрбиеші, қадірменд, қастерлі, күту, тез арада


КІМ?




ҚАНДАЙ?



НЕ ІСТЕУ?



ҚАШАН?



№ 30. Сөйлемді аяқта

1. Біздің көршілер көптен бері жақындарымен
2. Марат пен Үсен допқа таласып, соңы төбелеске айналып, соңында екеуі де әкелерінен
3. Кеше түнде көршінің қойларына қасқырлар
4. Кешегі тойдан өз сыбағамыздан

Көмек сөздер: ауыз салды, құр қалдық, таяқ жеді, қырғи қабақ болып жүр.

№ 31. Сөздерді сөз құрамына талдау. Етістік қай сөз табынан жасалғанын табу

Шеге... (ла, ле)

Ара... (ла, ле)

Үтік ... (та, те)

Таза... (ла, ле)

Көркем...(де, да)

Тұз ... (да, де)

№ 32. Етістіктің 3 шақ бар осы шақ, өткен шақ және келер шақ осы шақтарға мысал келтір

Осы шақ	Өткен шақ	Келер шақ
1	1	1
2	2	2
3	3	3
4	4	4



№ 33. Суреттерге қарап қимылды білдіретін сөздерге мысал келтір

№ 34. Мына сұрақтарға жауап бер

Қазақтың ұлы ақыны. _____

Көктем айы. _____

Екінші үй. _____

Білім бұлағы. _____

Жануар. _____

Аспанның түсі. _____

№ 35. Бір тәулікте неше сағат бар?

а) 12

ә) 24

б) 30

2. Көктем айларын белгіле

а) наурыз, сәуір, мамыр

ә) желтоқсан, қантар, ақпан

б) қыркүйек, қазан, қараша

3. Қыста не жауады?

а) бұршақ

ә) жаңбыр

б) қар

4. Күзде күн қандай болады?

а) жылы

ә) суық

б) аяз

5. Алма қандай жеміс?

а) тәтті

ә) қара

б) аяз

6. Жазғы каникулда сен қайда барасың?

а) мектепке

ә) ауылға

б) үйге

7. Зат есімнің тәуелдік жалғауын жалға "Менің пәтер...".

а) -ім

ә) -ің

б) -ңыз

8. Сөйлемді аяқта. "Атам кереуетте ... "

а) тұр

ә) жатыр

б) жүр

9. Сөйлемді аудар. "Мынау қағаз ба? "

а) Это не бумага

ә) Это бумага ли?

б) Это гусь ли?

10. Дұрыс жалғанған сөзді тап.

а) оқыма

ә) оқыме

б) оқыпе

№ 36. Сандарды сөзбен жазып көрсет

1 + қазан = ...

100 + ім = ...

5 + ік = ...

40 + қабат = ...

9 + құмалақ = ...

№ 37. Сөздерді бөліп жаз

Бірмыңекіжүзқырық -


Алтыжүзқырықекі -

Жүзалты -

Бесмыңтөрт -

Үшжүзжиырмабір -

№38. Ребусты шеш



№ 39. Кестедегі сан есімдерді теріп жаз

б	і	р	қ	о	н	о	ж	т	ө
а	с	қ	а	р	ү	н	е	р	т
л	н	ы	е	з	а	л	т	ы	м
т	а	р	р	с	а	л	п	ы	ы
ы	ш	Ы	ы	і	л	м	і	с	ң
б	ы	қ	ы	с	т	ғ	с	ү	з
е	л	ү	ж	и	ы	р	м	а	а
с	у	ш	м	ы	ң	е	к	і	ң

№ 40. Сәйкестендір

Бір	50
Жүз мың	8
Он бес	2018
Елү	90
Жетпіс жеті	310
Үш жүз он	15
Сегіз	1
Тоқсан	77
Екі мың он сегіз	100000

№ 41. Сұрақтарға жауап беріп, сан есімдерді теріп жаз

Екі адам шахматты 2 сағат ойнады. Бір адам неше сағат ойнайды?

Қос ат жегілген арба 40 шақырым жүрді. Бір ат неше шақырым жүрді?

4 жұмыртқа 4 минут піссе, бір жұмыртқа неше минут піседі?

2 кг мақта ауыр ма, 2 кг темір ауыр ма?

Алмұрт алмадан ауыр, ал алма шабдалыдан ауыр. Қайсысы ауыр алмұрт па әлде шабдалы ма?

Бір айда 5 жексенбі бола ма?

№ 42. Жұмбақты шеш. Жауабына тәуелдік жалғауды жалға.

1.Сөзі дана, үні жоқ
Сөйлемейді- тілі жоқ.
Қолыңа алсаң-шешен
Ақылы асқан көсем.

Жауабы:

Менің _____

Сенің _____

Сіздің _____

Оның _____

Біздің _____

Сендердің _____

Сіздердің _____

Олардың _____

№ 43. Ребусты шеш



қорқады не?

--	--	--	--	--	--

№ 44. Сұрақтарға жауап бер

Үш ат жегілген арба 30 км жүрді. Бір аттың жылдамдығы қандай? Алдында 1, артында 2, алдында 2, біреуі екеуінің арасында және үшеуі бір қатарда қаз ұшып келеді. Барлығы неше қаз? Сиыр 4 аяғымен тұрса 200 кг, 2 аяғымен тұрса неше кг болады? Ұзындығы 10 метр жіпті әр бөлігі 2 метр болу үшін неше рет қию керек?

Үш қыз бір сыныпта оқиды. Айгүл, Гүлназ, Айнаш. Айгүл Гүлназдан үлкен, Гүлназ Айнаштан үлкен. Кім сонда үлкені? Түйеқұс 2 аяғымен тұрса 1 пұт тартса, 1 аяғымен тұрса неше пұт тартады?

Бақытжанның 4 ұлы, олардың әрқайсысының туған қарындасы бар. Бақытжанның неше баласы бар?

№ 45. Мақалды сөзбен жаз.

1. Отан  да ыстық

2. Туған жерге  тік

3. Туған жердің  де ыстық,  де ыстық.

№ 46. Сөздер мен сөз тіркестерді орысшаға аудар.

Әкесі баласына шиені орамалымен (дал). Сен бір рет еңкеюдің орнына он рет (налонись). (Мало) жұмысты қиынсынсаң, (много) жұмысқа тап боларсың.

№ 47. Суреттегі адамдардың кім екенін анықтап, олар туралы мәлімет жаз


Шәкәрім Құдайбердиев



Мұхтар Әуезов



Ыбырай Алтынсарин



№ 48. Мәтін бойынша тапсырма орында

Ақбауыр

Бұл - өте сүйкімді кірпі. Денесінің бәрі қарасұр. Бауыры ғана ақшыл. Жаз кезі болатын. Аулада інім екеуміз отыр едік. Бір нәрсе қыбырлағандай болды. Қарасам кірпінің сүп-сүйкімді баласы екен. Оны үйге әкеліп тамақ бердім. Қағаздан қорапшадан үй жасадым. Қорапшаның жанын тесіп, есік ойып қойдым. Көзі мөлдіреп тұрады. Бауыры аппақ болғандықтан Ақбауыр деп атадым. Өзі өте ақылды, әрі ұқыпты. Ақбауыр үйге тез үйреніп алды.

1. Мәтіннің қай түрі екенін анықта.
2. Сын есімдерді теріп жаз.
3. Соңғы сөйлемнен бастауыш пен баяндауыштың астын сыз.

№ 49. «Жазғы демалыс» тақырыбына әңгіме құрастыр.



№ 50. Берілген етістіктерді күрделі етістіктерге айналдырып, сөйлем құрастырып жаз: Ойна, бар, оқы, сат.

№ 51. Сызықша арқылы өлең жолына сәйкес келетін суреттермен байланыстыр

<p>Гүл өсірсең, терлеп, Мұның аты –Еңбек.</p>	
<p>Кесте тіксең, зерлеп, Мұның аты-Еңбек.</p>	
<p>Сабағыңа жөндеп, Әзірленсең-Еңбек.</p>	
<p>Қиындықтың бәрін Еңбек қана жеңбек.</p>	

**№ 59. Төмендегі мақалдардың тақырыбын анықта.
Сызықпен көрсет.**

Отан	Ақыл азбайды, білім тозбайды
Еңбек	Дос – егіз, дұшпан – сегіз.
Білім	Туған жердің жуасы да тәтті.
Туған жер	Өнер алды - қызыл тіл.
Достық	Еңбек ер атандырады.
Тіл	Отан – оттан да ыстық.

№ 60. Мәтінге ат қойып, мәтіннен «Қандай?» деген сұраққа жауап беретін сөздерді теріп жаз.

Сауысқан - өте айлалы, аса сақ құс. Қасына ешкімді жуытпайды. Сауысқанның ұшуы да рекше. Бұл құстың тағы бір ерекшелігі - жылтыр, әшекейлі заттарға әуестігі. Оның ұясынан әр түсті матаны, қағаздарды, жылтыр шыныларды, түрлі түсті тастарды, күміс тиындар мен алтын сақиналарды да кездестіреміз. Сауысқан тоты секілді, адамның айтқан сөзін жаттап алады.

№ 61. Тест сауалдарына жауап бер

1. Күз айларын ата.

- а) желтоқсан, қаңтар, ақпан
- ә) қыркүйек, қазан, қараша
- б) наурыз, сәуір, мамыр

2. “Звук” сөзінің аудармасын көрсет.

- а) дауыс
- ә) әріп
- б) дыбыс

3. “Гласный” сөзінің аудармасын көрсет.

- а) дауысты
- ә) дауыссыз
- б) жіңішке

4. “Согласный” сөзінің аудармасын белгіле.

- а) дауысты
- ә) дауыссыз
- б) жуан

5. Ұяң дауыссыздарды тап.

- а) ә, ө, ү, і, е
- ә) п, т, ш, с, к, қ
- б) б, в, г, ғ, д, ж, з

6. Мен төртінші сыныпта ...

- а) тұрамын
- ә) оқимын
- б) барамын

7. “Кім не істейді?” деген сұрақтың дұрыс жауабын белгіле.

- | | |
|--------------|---------------|
| 1. сауыншы | сабақ береді. |
| 2. дәрігер | нан пісіреді. |
| 3. мұғалім | үй салады. |
| 4. тігінші | адам емдейді. |
| 5. құрылысшы | киім тігеді. |
| 6. наубайшы | сиыр сауады. |

8. Жіктеу есімдіктерін тап.

- а) мынау, бұл, мына
- ә) мен, сен, біз, ол
- б) менің, сенің, сіздің, оның

9. Мына мақалды аяқта. “Адал достық – алтыннан да”

- а) ауыр ә) үлкен б) қымбат

10. Біз досымыз екеуіміз мектепке бірге

- а) барамыз ә) жазамыз б) оқимыз


№ 62. «Жазғы демалыс» тақырыбына әңгіме құрастыр.

№ 63. Берілген сөзді жекеше, көпше жікте: сыныптас.

**№ 64. Берілген етістіктерді күрделі етістіктерге айналдыр:
Ойна, бар, оқы, сат.**

№ 65. Берілген сөйлемдерді сұраулы сөйлемге айналдырып жаз. Сен мектепке бардың. Ол теледидар көріп отыр. Мен ауылда болдым.

№ 66. Берілген екі сурет бойынша екі бөлек әңгіме құра. Құраған әңгімелерінде қандай ұқсастық және қандай айырмашылық болды, ол неге байланысты?



4. Кім? деген сұраққа жауап беретін сөзді тап

- а) қала ә) дәптер б) адам

5. Не? деген сұраққа жауап беретін сөзді тап

- а) дәрігер ә) кітап б) мұғалім

6. Қазақстан Республикасының үшінші астанасы қай қала?

- а) Алматы ә) Қызылорда б) Астана

7. Ақмола қаласы қай жылы Астана болып аталды?

- а) 1996 ә) 1995 б) 1998

8. Мен отызыншы мектепте ...

- а) оқимын ә) барамын б) жазамын

9. Қазақ тілінде неше дауысты дыбыс бар?

- а) 11 ә) 12 б) 13

10. Буын түрлерін анықта.

- а) ашық, тұйық, бітеу
ә) жіңішке, жуан, қатаң
б) жуан, ашық, ұяң

№ 68. Жұрнақтар ойыны.

Қай жұрнақ жүр жайлауда?

Көп шалғынды қойнаууда.

Қай жұрнақ жүр құрылыста?

Қызып алған жұмыста.

Бір жұрнақ бар затқа қосылса,

Оның сапасына, сынына айналады.

№ 69. Шараданы шеш.

Басы — тарак, арты — орақ.

Шықпайды үйден,
Тоны - жібектен.
Күндіз ұйықтайды,
Түнде дамыл таппайды.
Аңға барады,
Сол аңды үйден табады.

Басында екі таяғы бар,
Төрт аяғы бар,
Сегіз тұяғы бар,
Иегінде сақалы бар.

№ 70. Орны ауысқан сөздерден сөйлем құрап жаз.

1. Айжан, бара жатты, Мәрия, мен, фермаға. 2. Олардың, ұша жөнелді, бір, үйрек, алдынан. 3. Ұшқан, жерге, олар, үйрек, келді. 4. Ұяда, жатыр, жері, жұмыртқа. 5. Олар, алмады, жұмыртқаны.

Етістіктерді тап. Олардың түбірін, қосымшасын тауып, мағыналық түріне ажырат. Соңғы сөйлемдегі сөздердің байланысын сызба арқылы көрсет.

№ 71. Тест сауалдарына жауап бер

1. Жуан сөзді белгіле.

- а) үлкен ә) әдемі б) жақсы

2. Дауыссыз дыбыстар нешеге бөлінеді?

- а) дауысты, жуан, қатаң
ә) қатаң, ұяң, үнді
б) үнді, жіңішке, дауысты

3. Тұйық буынды сөзді көрсет.

- а) тұр ә) дәптер б) аш

4. Бітеу буынды сөзді көрсет.

- а) сары ә) ақ б) дәптер

5. Ашық буынды сөзді көрсет.

- а) қыс ә) екі б) көктем

6. Жіңішке сөзді көрсет.

- а) сабақ ә) тақта б) пән

7. “Қазақ тілі сабағында біз ... сөйлейміз”.

- а) есеп ә) қазақша б) орысша

8. Сөздердің аудармасын дұрыс тап.

- | | |
|-----------------|----------------|
| 1. тақырып | песня |
| 2. есеп | урок рисования |
| 3. ән | тема |
| 4. сурет сабағы | урок труда |
| 5. еңбек сабағы | задача |

9. Көптік жалғаулы сөзді тап

- а) мектепке ә) мектептің б) мектептер

10. Мына сөздерге сәйкес көптік жалғауларын тап.

- | | |
|----------|-------|
| 1. қағаз | - тер |
| 2. бояу | - дер |
| 3. жіп | - лар |
| 4. ән | - дар |

№ 72. Мәтін бойынша тапсырманы орында

Өзіңе таныс үш көзді бағдаршам алдында тұр. Бағдаршам көше қиылысына ілінеді. Түрлі түсті көздері кезектесіп жыпылықтайды.

Бағдаршамның қызыл түсі нені аңғаратынын түсіну қиын емес. Бұл – әрдайым қауыптілік белгісі. Өйткені ол-көзге бірден ілінетін қызыл түс. Қызыл шамнан кейін бағдаршамның сары түсі жанады. Ол-дайындық белгісі.

Еш уақытта асықпа. Көше қиылысында жасыл түстің жануын күт. Бағдаршамды тыңдамағанның арты қайғылы болады. Соны ұмытпауымыз керек.

1.Мәтіннен есімдіктерді табыңдар.

2.Жіктеу есімдіктерін табыңдар.

3.Мәтін бойынша сызба сыз.

№ 73. Оқы. Мәтінге ат қой. Мәтін мазмұны бойынша үш сұрақ құра.

Қымыз – қазақ халқының ұлттық тағамдарының ішіндегі ең құрметті сусыны. Қымызды ашытып, баптау технологиясы қазақ халқымен бірге жасасып келе жатыр. Қазақтар қымызды сабада, не күбіде ашытады. Саба жылқы терісінен жасалады, ал күбі қайың ағашынан жасалады. Қымыздың сапасы оны баптау мен пісуге байланысты.

«Қымыздың адам ағзасына пайдасы» тақырыбы бойынша өз ойыңызды жазыңыз.

№ 74. Қарсы мәндес бар сөздерді ойлап жаз

Батыр –

Ерте –

Пайда –

Жалқау –

Оңға –

Жоғарғы –

Ренжу –

Қызару –

№ 75. Бірдей әріптен басталып және аяқталатын екі сөзді ойлап жаз. Сөздердегі әріптер саны әртүрлі болуы мүмкін.

а.....а

е.....е

с.....с

у.....у

з.....з

к.....к

т.....т

і.....і

№ 76. Берілген сөз тіркестерін мағынасымен сәйкестендір.

1. Қас-қағым сәтте. А) бедірейді, тесірейді, көз алмады.
2. Қас қақпады. Ә) кеш батты, ымырт жабылды.
3. Қас қарайды. Б) кербезденді, маңғазданды.
4. Қасын көрді. В) мүлде қарсы, жек көрді.
5. Жаны қас. Г) дұшпан санады, қас деп білді.
6. Қас көрді. Ғ) лезде, тез, жылдам.

№ 77. «Жаңа сөз жаса». Берілген сөздердегі әріптерден жаңа сөз құрап жаз.

Үлгі: орақ – қора

Өрнек –

Мақал –

Ноқта –

Қыран –

Жылан –

Тарақ –

Күрек –

№ 78. «Әр жолдан қайталанып келмейтін әріптерді тап және жаз. Қандай сөйлем пайда болды? Оқы.

Мщцеххн үуйу сщцаәәлттдыіімңң.Мнненің аәәтым Жззенүүя.

№ 79. Оқы. Мәтінге ат қой. Мәтін бойынша үш сұрақ құра.

Ватикан кітапханасының қорғаушысы Джузеппе Гаспаро Меццофанти 114 тілден аударма жасаған. 60 тілде еркін сөйлеп, 50 шақты тілде өлеңдер мен эпиграммалар жазған. Аудармашы және жазушы Като Ломб 15 тілді меңгерген. Итальян, француз, поляк, қытай, жапон тілдерін аз уақыт ішінде үйреніп алған. Британ журналисі Гарольд Уильямс 80 тілді біледі. Ол 11 жасында грек, латын, иврит, француз және неміс тілдерін жатқа білген. Венгр аудармашысы және жазушысы Иштван Даби 18 жасында-ақ 18 тіл білген. Ол қазір 103 тілді біледі.

«Қазақстандағы полиглоттар» тақырыбы бойынша өз ойыңды айт.

№ 80. Оқы. Мәтінге ат қой. Мәтін мазмұны бойынша үш сұрақ құра.

Шығыс Қазақстан – республикамыздағы экономикалық аудандар арасында аумағы жағынан ең кішісі. Солтүстігінде Алтай Республикасымен, шығысында Қытаймен шегараласады.

Бұл аймақтағы басты өзен – Ертіс. Ең ірі көлдері – Алакөл, Зайсан, Марқакөл, Сасықкөл. Ал жер қойнауы байлығы жөнінен Ресейдің Орал ауданымен қатар тұр.

Шығыс Қазақстанның аумағында мәңгі қар мен мұз басқан Алтай, Сауыр-Тарбағатай таулары бар. Бұл аумақта орташа биіктіктегі Қалба тауы, ұсақ төбелі жазықтар, тауаралық кеңалқапты алып жатқан қазаншұңқырлар кездеседі.

Қазақстанның оңтүстік аймағы туралы айт.



Тыңдалым тапсырмалары

Мәтінді тыңдап, сұрақтарға жауап бер.

Кітап саудасы.

Рауан мен Ержан кітап дүкеніне барды. “Қалжың есеп” кітабын сатып алғысы келген Рауан Ержаннан бір тиын сұрады. Қалтасында 18 тиыны бар еді. “Бұл кітапты сатып алуға менің 19 тиыным жетпей тұр. Егер екеуміздің ақшамызды қоссақ та біз бұл кітапты сатып ала алмас едік,” – деді. Себебі Ержанның қалтасында көк тиын жоқ еді.

1) Кімнің қалтасында көк тиын жоқ еді ?

- а) Ержан ә) Рауан б) Жадыра в) Гүлнар

2) Рауанның қалтасында неше тиын бар еді ?

- а) бес ә) он б) он сегіз в) жиырма

3) Рауан қандай кітап сатып алғысы келді ?

- а) Қалжың есеп ә) Қазақ тілі б) Әліппе в) Логика әлемі

4) Кітапты сатып алуға неше теңге жетпеді ?

- а) тоғыз теңге ә) он тоғыз теңге
б) жиырма теңге в) отыз теңге

5) Егер екеуміздің ақшамызды қоссақ та біз бұл кітапты сатып ала алмас едік,” – деген кім?

- а) Ержан ә) Рауан б) Жадыра в) Гулдана

Гүлдер

Бір топ бала жалаң аяқ гүл теріп жүр. Балалар таласа жарысады. Оларды әрбір гүл “Маған кел, мені ал, мені иіске” деп шақырып тұрғандай. Бір гүлден бір гүл әдемі көрінеді. Қызыға-қызыға ауылдан ұзап та бар жатты. Ұзаған сайын гүл де көбейе берді, гүлге қонған қонған көбелектер де көбейе берді. (46 сөз)

1) Бір топ бала гүл теріп жүр ?

а) жүгіріп ә) жалаң аяқ б) табиғатқа тамсана в) отырып

2) “Маған кел, мені ал, мені иіске” деп шақырып тұрған не?

а) гүл ә) жапырақ б) ағаш в) орман

3) Ұзаған сайын нелер көбейе берді?

а) гүл ә) жапырақ б) ағаш в) орман

4) Қызыға-қызыға қайдан ұзап бара жатты?

а) ауылдан ә) қаладан б) көшеден в) үйден

5) Гүлге нелер қонды ?

а) торайлар ә) шымшықтар
б) торғайлар в) көбелектер

Ұялас күшіктер.

Мектептен үйге қайтып келе жаттым. Қарным ашқан соң, сөмкемді ашып, буфеттен сатып алған тоқашымды жайбарақат жеп келе жатқанмын. Артымнан тықыр білінгендей болды. Бұрылып қарасам, бір ит соңымнан еріп келеді. Аш екені көрініп-ақ тұр. Менің қолымдағы нанға ашқарақтана қарап жұтынады. Тоқашымнан бір үзіп, итке тастадым. Соңымнан біраз жүрді де, менде енді нанның жоқтығын біліп, күдерін үзіп қала берді. Бір күні әлгі ит күшіктейді.

Күшіктер бір-біріне ұқсайды екен.

Маған барлық күшіктері де ұнады.

1. Бала итке не берді?

- а) кәмпит ә) тоқаш б) шәй в) шоколад

2. Ненің қарны ашты?

- а) баланың ә) иттің б) ешкімнің в) күшіктердің

3. Итке қатысты мақалды белгіле.

- а) Жақсы ит - иесінің көзі, құлағы.
ә) Адам бір-біріне қонақ.
б) Нәсер алдында найзағай ойнайды.
в) Ғылым – теңіз, білім – қайық.

4. Бір күні ит не істеді?

- а) күшіктейді ә) жоғалып кетеді
б) қуанады в) қайғырады

5. Бала қайдан қайтып келе жатты?

- а) үйден ә) мектептен
б) балабақшадан в) спорт секциясынан

Шахтада.

Менің шахтаны көргім келді. Оның қайда екенін білуші едім. Тау етегінде үлкен үй тұр. Шахтаға кірер ауыз сол жерде. Ақыры шыдамадым. Көкем сыйлаған фонарымды алдым да, шахтаға тарттым. Өйткені шахта жер астында.

Ал жер астында күн болмайтынын көкем айтқан. Үйге кірсем, іші толған шахтерлер екен. Ерсілі – қарсылы ағылып жатыр. Бір ағайдың соңынан ере бердім. Көп есіктен өтіп, үлкен бір залға келдік. Залдың ортасында темір тор тұр. Сол сәтте тор ішінен қоңырау шылдырлады. Мұртты ағай жүгіріп барды да, тордың есігін жапты. Міне, қызық! Темір есіктің арғы жағында тұрған шахтерлер әп-сәтте жоқ болып кетті. Залда мұртты ағай екеуміз қалдық.

1. Тау етегінде қандай үй тұр?

- а) әдемі ә) үлкен б) жаман в) ескі

2. Жер астында не жоқ?

- а) күн ә) ай б) жер в) аспан

3. Тордың есігін кім жапты?

- а) мұртты ағай ә) шахтер ағай
б) бала в) өзі жабылды

4. Көп есіктен өткен соң қайда келді?

- а) ас үйге ә) залға
б) далаға в) қонақ бөлмеге

5. Залда бала және кім қалды?

- а) мұртты ағай ә) ала ғана
б) шахтер ағай в) ешкім қалған жоқ

Балапандар.

Майтан ағам бізге шұбар тауық, оның артынан ерген үш қара, бір қызыл сары, екі шұбар кішкентай балапандарды берді. Олар бізге бір күннен кейін үйреніп кетті. Шешесі оларды жақсы бақты. Біз балапандарға үлкен нан беріп қойсақ, шешесі оны балапандарына майдалап бөліп береді. Өзі арасында жеп жүреді. Көп күннен кейін шешесі балапандарын тастап кетті. Өйткені балапандары үлкейіп қалған еді. Алтауы бір-бірінен айрылмайды. Егер біреуі адасып қалса, бәрі шырылдай бастайды. Сонда олар бір балапанды қалдырып кеткендерін біліп, әлгі барған жақтарына қарай қанаттарын жайып жүгіре жөнелді.

1. Майтан аға қандай тауық алып келді?

- а) әдемі ә) шұбар б) қара в) сары

2. Олар бізге неше күннен кейін үйреніп кетті?

- а) 2 күн ә) 1 күн б) 5 күн в) 10 күн

3. Осы мәтінге сәйкес мақалды белгіле.

- а) Анаға баланың алалығы жоқ
- ә) Мал – баланың шашуы.
- б) Күн күркіресе, көп дүркірер
- в) Жұт жеті ағайынды, жиенім сегіз

4. Барлығы неше балапан?

- а) 6 ә) 4 б) 7 в) 5

5. Неге тауық балапандарын тастап кетті?

- а) балапандар өсті
- ә) тауық өзі тастап кетті
- б) балапандар жоғалып кетті
- в) балапандар тауыққа «кет» деді

Үйректі қорғаған тауық.

Жадыра жаңадан сатып алған төрт үйректі тауық қораға қамап қойған болатын. Үйректер тауықтармен бірге ұядан сыртқа шығып, үйірден ұзамай, жайылып жүрді. Осы төрт үйректі аяқ астынан қайырып, қоритын қорғаушы табыла кетті. Ол шұбар тауық еді. Қанатын қомдап қойып, үйректердің қасынан бір шықпайды. Ұзап кетсе, үйректерді шоқып – шоқып алдына салып қуып келеді. Ұясынан кіргізіп алып, аузында қанатын қомдап кәдімгідей қоқиланып тұрады. Осы көріністі бірнеше рет тамашалаған Жадыра үйректерді қорыған шұбар тауыққа іштей риза болып жүрді.

1) Жадыра неше үйрек сатып алды ?

- а) төрт ә) екі б) бес в) үш

2) Тауық қандай еді?

- а) ала ә) шұбар б) жұмсақ в) сары

3) Тауық үйректердің жанында не істейтін?

- а) үйректердің қасынан бір шықпайды
- ә) жәй жүретін
- б) ойнайтын
- в) жататын

4) Жадыра неге риза болды?

- а) үйректерді қорыған шұбар тауыққа
- ә) үйректерге
- б) қоқиланған тауыққа
- в) ештеңеге риза болмады

5) Мәтінде қандай құс туралы айтылған ?

- а) тауық, уйрек ә) қарға, сауысқан
- б) бұл-бұл, тоқылдақ в) құр, тырна

Жолда жатқан әмиан.

Ойымда дәнеңе жоқ тротуармен тық-тық басып келе жатыр едім. Оң қапталымда жатқан әмианға көзім бірден түсті. Өтіп барып, қалт тоқтадым да “Ескі ме, әлде біреудің қалтасынан сусып түсіп қалған ба?” деп ойладым. Екі ұдай күпті көңілмен қолымды әлгі әмианға создым. Міне, қызық! Әмианға қолым тиер – тиместен “шаршып” түскені.... Өне бойым дір-дір етіп секем алып, енді қолымды тартып алғанша болған жоқ, талдың арасынан таныс бір күлкі естілген.... Әмианын “арқандап” қойып, ары өткен, бері өткен адамдардың “пиғылын” байқап, мазақтап отырған Әділ інім екен.

Қап! Сондағы ұялғаным-ай! Менің інімнің де істемейтіні жоқ-ау!

1. Әңгіме не туралы?

- а) әмиан туралы
- ә) баланың інісі туралы
- б) бала туралы
- в) жаман пиғыл туралы

2. Әділ деген кім?

- а) баланың інісі ә) таныс емес біреу
б) көшедегі адам в) баланың ағасы

3. Балаға не болды?

- а) дір-дір етті ә) тық етіп құлап қалды
б) жүрегі дүрс-дүрс соқты в) шаршып түсті

4. Әмианды не істеп қойды?

- а) арқандап қойды ә) жыртып тастады
б) өртеді в) жерге көміп қойды

5. Бала өзін қалай сезді?

- а) ұялып тұрды ә) қызарып тұрды
б) талып қалды в) күлкіден іші жарылып кете жаздады

Жауап кілті

1 тапсырма. Банан, балмұздақ, қарға

8 тапсырма. Сәнқой

9 тапсырма. Гүлжан, Ақмарал

20 тапсырма. Күн

21 тапсырма. Нүкте

22 тапсырма. ә, ә, ә, б, в

28 тапсырма. Сұрақ

35 тапсырма. б, ә, а, ә, а, ә, ә, а

38 тапсырма. Айла-алтау, ақыл-жетеу

45 тапсырма. Отан отанда ыстық, туған жердей жер болмас, туған елдей ел болмас.

57 тапсырма. Балапан

67 тапсырма. б, ә, б, ә, б, ә, а, ә, а

68 тапсырма. Сиыршы, тас қалаушы, көрікті

69 тапсырма. Өтеш, мысық, ешкі

78 тапсырма. Мен үй салдым. Менің атым Женя.

